**"KEGOC" акционерлік қоғамын тексеру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ӨКІМІ 1998 жылғы 11 қараша N 222

Мемлекет басшысының 1998 жылғы 9 карашадағы N 3954 тапсырмасына сәйкес "KEGOC" акционерлік қоғамының қызметін зерделеу үшін:

1. Мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Әлиев Рахат Мұхтарұлы - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс бірінші вице-министрі, жетекші

Радостовец Николай Владимирович - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәселестікті қорғау жөніндегі комитетінің төрағасы - Қазақстан Республикасының министрі

Әбітаев Есберген Әбітайұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда бірінші вице-министрі

Жүсіпов Қайрат Зияұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторы (келісім бойынша)

Ержанов Оразалы Сәнтайұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі - Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің директоры

2. "KEGOC" акционерлік қоғамы (Ә.Қ. Наурызбаев) жұмыс тобына, компанияның қызметін зерделеу және Мемлекет басшысының тапсырмасынан туындайтын барлық мәселелерді анықтау үшін, барлық қажетті материалдарды беретін болсын.

3. Жұмыс тобына, өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін, орталық және жергілікті атқарушы органдардың мамандарын тарту құқығы берілсін.

4. Жұмыс тобы 1998 жылдың 20 қарашасына дейін "KEGOC" акционерлік қоғамының қызметін тексеруді аяқтасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне елдің Президентіне баяндаманың жобасын ұсынсын.

П р е м ь е р - М и н и с т р

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК